

МҰҚАДЕС ЕСЛАМҒАЛИҰЛЫ

ӘЙТЕКЕ БИ

(шежіренама)

АЛМАТЫ
“ЖЕТИ ЖАРҒЫ”
1998

ББК 63.3 (5 каз)
Е 82

Есламгалиұлы М.
Е 82 Әйтке би: (Шежіренама). — Алматы: Жеті жарғы, 1998
112 бет.

Бұл кітапта алты Алашқа аты мәлім, Алаштың сөз бүйдасын ұстаған
Әйтке бидің ата-баба, үрім-бұтақ шежіресі, небір шешендік сөздері, казак елінің
тұтқасы болып өткен тарихи тұлғалар — Төле, Қазыбек және қазақ хандары
мен батырлары, билері туралы деректер көркем тілмен өріледі.

Енбек қалың көпшілікке арналған.

Е 1200000000—014
419 (05) — 98 36—98

ББК 63.3 (5 каз)

ISBN 5-7667-4924-4

© Есламгалиұлы М., 1998

СӨЗ КИЕСІ

Бірлік... Ел бірлігі... Қазақ қазақ болғалы ауыздан түспей келеді. Бірлік тек әділет бар жерде ғана бар. Осыны құллі қауым болып түсінген кез — сонау Әз Төуке заманы.

Ол бірлікті тек бір кісінің аузына қарау деп түсінбекен. Халықтың бағына біткен бар жүйрікті бірдей бәйгеге қосып, халықтың бағына біткен барлық ақылманның бәріне бірдей құлақасу деп үккан. Әйткені, әділет тек тенденциялық бар жерде ғана жүреді. Әйтпесе, тек күшпен жасалған бірлік ешқашан мұратқа жеткізген емес. Сырты бүтін, іші түтін бірлік құндердің құнінде іріні майдалатып, тұтасты ыдыратып жіберетінін тарих талай рет дәлелдеп келеді.

Ал тенденциялық әділет шындықтың бетіне тұра карат, өмірде бар әр алуандықты мұқият елеп-ескеру арқылы ғана жүзеге асады. Ондай сарабдал көз әр килем пікірдің тоғысар арнасын, әр килем мүдделердің табысар жүйесін жіті аңғарады. Ондай сара ұғым қанша қым-куыт дүниеден де тіл табысар пәтуа тінін алжаспай таба алады.

Төуке тағылымын ұмыту қазақтың бағын ашпады, сорын көбейтті.

Сол қастерлі қағиданы сындарлы жүйеге, көсегені көгертер сара жолға айналдыруда айрықша көзге түскен тарихи тұлғалардың бірі — Алшын Әйтеке би. Кіндік Азия тарихында ерекше орын иеленетін айтулы тұқым өкілі. Сонау Алтын Орда заманынан бермен Байқал мен Алтай арасындағы саяси өмірге көк найзасымен де, қызыл тілімен де белсене араласып, талай жерде тарих тасқынын жасампаздық арнасына түсіруде шешуші бетбұрыстар жасауға бастамашы болған іргелі қауымның даусыз дана тұлғасы. Мінезі ірі, қылышы сара, кұлығы таза, ойы өткір, көнілі жүйрік, пікірі мірдің оғындағы көздеген максатқа дәл тиетін мерген саясатшы.

Жалантостің жау қуған даланбай батыр емес, мемлекет іргесін қалап, нығайтқан жасампаз батыр болғандығы сиякты, Әйтеке де қызыл тілін безеген көп дәуекестің бірі емес. Саясаттағы ел камын жеген Едіге. Тенденктің қорғаны. Әділеттің жоқшысы. Қазақты ҳалық қылудың бұдан басқа жолы жоқ екенін қапысыз үккан кеменгер.

Бір кереге уақтылы сырланып, уақтылы көктелмей, ылғи қағыс қала берсе, ол орда құламай тұрмайды. Бір баласы ылғи шеттетіліп, ылғи

кеудеден кері итеріле берсе, ол әulet бәрібір бет-бетіне тозып кетеді. Бәлкім, Шыңғыс хан империясының ыдырауы Жошыға деген сенімсіздіктен басталған шығар. Өз құрамының бір бөлігін місі түтпайтын кез келген құбылыс акыр аяғында өзін-өзі тәрк етумен тынады.

Сондыктан да Тәуке заманының үш ғұламасы — Төле, Қазыбек, Әйтеке — ешкімді шеттетуге жол бермейтін терезесі тендік қағидасын елдіктің ең басты өзегі деп үққан. Терезесі тең отырып сөйлеп, терезесі тең отырып шешім қабылдаған.

Сондай терезесі тең үшеудің бірі, қазақ рухының пірі Әйтеке өмірі мен пікірін терен игеру бүгін де ел болып, етек жи踽ымызды шешуші қызмет етері сөзсіз.

Сөз киесі жерде қалмасын.

Ел үйткысы болған ұлыларымызды ұлықтай білгеннен тұлғалана түспесек, аласармасымыз белгілі.

Барымыздан жоғымыз көpteу мына заманда “Әйтеке би” кітабы — ұлы бабаларымыздың бірінің басына салынған бір уыс топырақ көдесіне жараса, ол да ойымыздағыны орындауға бағышталған игілікті қадам.

Әбиш Кекілбайұлы,
Қазақстанның Халық жазушысы.

Төле, Қазыбек, Әйтке сөздерінің сыр-сипаты мен мән-мағынасына үçіле түскен сайын тілі сахараның жайлыш самалындай Гиперидті, сілтеген тұсын жұлып түсер Ликургті, Афиннің асыл сөзін судай сапырган Фемистокольді, сайысқанның тобесінен күн күркіретін, наизагай ойнатқан Периклді, даналық дариясы саналатын Платон мен Аристотельді, шешендіктің қыран қанаты жетпес шыңына шыққан, “сөздеріне бір ауыз сөз қосуга да, алуга да болмайтын” Демосфен мен Цицеронды қайта оқып отыргандай боласың...

Автор

ДЕРЕКТЕР ДӘЙЕКТЕМЕСІ

Әттең, дүние-ай! Осындай асылдарды да тойымсыз қара жер қойнына алды-ау!..

Бейопа дүниеге түніле отырып, осы үш арысымызды ойласақ, “Әттең-ай!” дейтін тұстарымыз бастан асады еken. Өзгелерден асып туған, қара түгіл, ханның өзін пысы басып туған, кеменгер ойға тасып туған, қазағына, еліне, салкар, сайын даласына нұр сипатын шашып туған үш бағаналы бәйтеректің атын жарытып ауызға ала алмағанымызға қай заман!?

Елдік Туымыз көкке көтеріліп, еңсемізді тіктегелі де олардың соңында қалған саф алтынға айырбастағысыз сара сөзін жинақтап үлгермегеніміз өз алдына, тіпті осы күнге дейін әрқайсысының фәнилік, бақылық болған жылдарына дейін тап басып, нақты айта алмай келе жатқанымыз қандай өкінішті!

Түгел сөзге ие болған Төле, нені айтса да, қайтіп ешкім тәжікелеместей етіп қазып айтатын Қазыбек туралы біршама жазылды десек те, бұлардың бірі туралы ауызға алғанда, өзге екеуі жайында ой толғамай өту мүмкін емес. Әйткені, бұлар бір-бірін үнемі толтырып, дамытып, біріне-бірі нұрын шашып, жарқыратадын күйрықты жүлдіздар. Сондықтан Төле, Қазыбек жайындағы дәйектемелерге ауық-ауық қайта орала отырып, осы бір шағын кітапшаның негізгі кейіпкері, жақсының жанын жадыратып, жаманның жанын қақыратып сөйлеуімен “айыр тілді” атанип өткен Әйтке төңірегіндегі шежіреміздің әлкис-сасын басталық.

“Айтық (Әйтеке) XVII ғ. аяғы — XVIII ғ. басы — Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүзді басқарған би. Есім ханның тұсында Сармарханды билеген атақты Жалаңтөстің немересі. Кіші жүздегі Әлімұлы тайпасының Төртқара руынан шыққан. Тәуке хан дәүіріндегі Қазақ хандығының аса көрнекті билерінің бірі ретінде “Жеті жарғыны” шығаруға елеулі үлес қосқан. Бұл зандар жинағы қазақ қоғамын одан әрі феодалдандыру процесінде маңызды роль атқарды. А. бір орталыққа бағынған қазақ хандығын құруға белсене ат салысты. (“Қазақ Совет энциклопедиясы”. 1-том, 180-бет).

Бүкіл қазақ халқының біргүтас ел болып, өзгелермен тереңзесі тен, еңсесі биік тұруына бар ғұмырын күннің бетінде, желдің өтінде өткізді деп жүрген үш арысымыздың бірі Әйтеке туралы дерек бүгінге дейін осы энциклопедияда жазылған бірнеше жолдан аспаушы еді. Бажайлап қарасақ, ел тарихы, ел шежіресі деғенге нақты бағыт, сонар сілтеме беріп келген энциклопедиямыздың осы санаулы жолдарының өзінде бірнеше қате кеткені қандай өкінішті!..

Іә, энциклопедиямызда қате кеткен сон, басқа тарихшы, әдебиетшілерімізге де жара үстіне шиқан шығарудан әрі аспап-сыздар деп өкпелеуіміздің өзі орынсыз ба деп қалғандаймыз. Тағы да бірнеше дәйектемеге назар қойып өтелік.

“Ердің құнын екі ауыз сөзben бітірген” данқты дала Демосфендері мен Цицерондары: Төле би, Қаздауысты Қазыбек және Қаражіт — Әйтеке шешендердің атақ-данқтары да сол кезде шыққан...” (“Ел аузынан”, “Жазушы” баспасы. 1989 ж. 7-б).

“... Бәйбектен Айтеке би, Қөшубай, Тоғас. Айтеке би (1683—1730) Тәуке ханның Кіші жүзден алған кеңесші шешені. Алшын Айтеке би атанған осы кісі” (С. Толыбеков “Қазақ шежіресі”. “Қазақстан” баспасы. 1992 ж., 100-бет).

“... Әйтеке (шын аты Айтық) Бәйбекұлы 1683—1722 ж.ж. Кіші жүзден шыққан қазақтың атақты шешен-би” (Н. Төрекұлов, М. Қазыбеков. “Қазақтың би-шешендері”. “Жалын” баспасы. 1993 ж. 125-б).

Қызылорда облысының тұрғыны Шайхисалам Серікбаевтың 1995 жылы Қызылордадан шыққан “Үш тұлға” деген кітабы қолымызға түскенде, сол аймақтың қаламгері Гой, мүмкін тын деректер үшіншілік деген үміт үшқыны қылаң берген. Алайда, бұл қаламгер де бұрынғы көрген ауылға көне соқпақпен кете барыпты. “Мен өз басым Әйтекені Төле мен Қазыбектен үлкен дегенге келіспеймін”, — дейді ол. Сондағы сүйенген дерегі — профессор С. Толыбековтың Әйтекені 1683 жылы туып, 1730 жылы өлді деген дәйектемесі екен... Енді осы кітаптың 23-бетіне назар салып өтелік.

“... Ал Әйтеке қалай атанған? Қайсыбіреулер оны бүрмалап та айтқысы келеді. Оны да тұсіндіріп өтейін.

Бір дауға барғанда Әйтеке: “Мені және бір текені ала бар. Үлкен керек десе, сақалы бар текені, бала керек болса, өзімді көрсетермін” — деген еken. Айтқаныңдау басталғанда сөз алыш: “Бала десен, маган тоқта, сақал десен, ана текеге тоқта” — деген көрінеді. Содан “Әй, теке, Әй, теке” деп айта бергеннен Әйтеке атандырып кеткен деседі.

Ал енді Әйтекенің атын “Қаражігіт” деп те айтушылар кездеседі.

Ол қандай жағдайда болған? Оны да білгенімізше тұсіндіріп өтейік. Әйтекенің әкесі Бәйбек өрі бай, өрі батыр болған адам көрінеді. Ағаларына қарағанда Әйтеке әкесіне, ауыл адамдарына сүйкімді, елгезек, қонаққа үйір, сырпайы болады. Келген қонақтар: “Ат болатын тай саяққа, адам болатын бала қонаққа үйір”, Бәйеке, осы қара балаң жаман болмас”, — депті. Содан жасында “Қара бала”, бері келе оны женгелері “Қара жігіт” деп атандырып кеткен еken дейді... Шын мәнінде, ол — Әйтеке. Міне, оның аты осылай аталған”.

Ал, керек болса! Бұл кісінің айтуына сенсеніз, Әйтекенің азан шақырылып қойылған шын аты жоқ болып шықпай ма!?

Сонымен бұл авторлардың айтуы бойынша, Әйтекенің “Айтық”, “Қаражігіт” деген де қосымша аттары болған. Тіпті, бірінің “шын аты — Айтық” дегенін де, Ш. Серікбаевтың айтуынша, азан шақырылған атының да жоқ болып шыққанын көрдіңіздер. Бұл да ештеңе емес. 1684 жылы Тәуке ханның бастауымен алты би: қарақалпақ Сасық, қазак Төле, Қазыбек, Әйтеке, қырғыз Қокым, құрама Мұхаммед “Жеті жарғы” занын жазды деп жүргең барша тарихшы, әдебиетшілеріміздің сөзін Н. Төрекұлов, М. Қазыбеков, С. Толыбеков, Ш. Серікбаевтар белден бір сыйып, тарихи дерекке “тың жол” салып шығыпты. Бұл аз болса, осы кезге дейінгі деректерде Әйтеке елу алты жыл өмір сүрді дөлініп келсе, Н. Төрекұлов пен М. Қазыбеков оған отыз тоғыз жылғы ғұмырды әрең қыыпты.

Шынтуайттап келгенде, бұл да тойға барғандай еken. Осы еki автор “Қазақтың би-шешендері” атты кітаптың 125-бетінде “Әйтеке 1683 жылы туды” деп жазады да, 132-бетінде “... Сондықтан да ол “аға би” атандып, Кіші жұз елін ұзак жылдар басқарған. Тәуке ханның Төле би, Қазыбек би сияқты кенесші бас билерінің бірі. “Жеті жарғы” занын жасасқан азамат”, — дейді.

Мұны қалай тұсінуге болады?

Әйтеке 1683 жылы туған деп жазарда жоғарыдағы авторлар сөл де болса ойланбағаны ма? Ойланса, Әйтекенің қай шамада

туылғанына ең болмаса болжам жасар еді ғой. Болжам жасаса, бір жастағы Әйтекені “Жеті жарғыны” жазуға қатысты демес еді ғой...

Міне, осылайша, қолына қалам алғандардың Әйтекенің қай жерде туып, қай жерде, қай жылы қайтыс болғанын айта алмағаны өз алдына, кез келген аныздың бүйдасына жетектеліп, дәйекті дерек таба алмай, үнемі долбар жасаумен келеді. Тіпті, 1993 жылы Өзбекстан Республикасында шығатын қазақша “Нұрлы жол” газетінде Өмірзак Ахметов: “Мен өзім Айыртау ұранды Әлім руынанмын, Әйтекені біршама жақсы білемін, — дей келіп, — Әйтеке шамамен 1750 жылдары өмір сүрген. Қабірі Ташкенттен 70-80 шақырым жердегі Құлтөбеде, Зәңгі ата өулиенін қасында жатыр” — деп жазады. Бұл кісі де жұрттың беріп жүрген елу алты жасын қимай, Әйтеке “қырық жеті жасында балыққа қақалып өлді” дегенді жазады. Қөрдіңіз бе, білем деп отырған кісінің өзі “шамамен” деп долбар жасайды. Ел қоныстанбаған Құлтөбे төнірегінен бұл кісінің Әйтеке қабірін қалай тауып жүргенін бір Алла білсін! Ал әлі де Науай облысы, Нұратта ауданында сірсесе қоныс теуіп отырған әлімдерге бұл кісі жолықпағаны ма? Жолықса, ата-бабасымен бірге жатқан Әйтекенің қабірін иесіз Құлтөбеден іздемес еді ғой. Әйтекенің неше жаста, неден өлгенін білетін, өз қолдарымен жерлегендердің үрпактары да осы Нұратада екенін қалай ескермегеніне еріксіз таң қаласын...

Ал Әйтеке және оның ата-баба шежіресін біршама тарихи деректерге сүйеніп жазып жүр деп есептелеғін Ж. Мұратбаевтың Әлім руының “Айыртау” ұранының қалай шыққаны тура-лы тіпті қысынсыз, ата дестурге жат аңызға бой ұрып жаза салғанына танырқаудан басқа амалың қалмайды.

Біз Төле, Қазыбек билердің және олардың замандастарының ғұмырнамасына көз салмай тұрып, Әйтеке туралы баянды мағлұмат жасай алмаймыз. Әйткені бұл үш алып — тарихи қажеттілік дүниеге әкеліп, заман қажеттілігі кіндігін бірге кескен жандар. Сондыктан бұлардың ғұмырнамасын, тарихтағы өлшеусіз орнын бір-бірінен ажыратып қарау олқылықтарға соктырары сөзсіз. Олай болса, Төле мен Қазыбектің дүниеге келген жылдарына назар аударып көрелік. “Қазақ совет энциклопедиясынан” Төле 1663 жылы, Қазыбек 1665 жылы туған деген деректі ұшыратамыз. Басқа бір әдебиеттерде Төле 1665 жылы, Қазыбек 1667 жылы туған делінеді. Енді осыған байланысты сөл тарихи шегініс жасалық.

1662 жылы Салқам Жәнгір қалмақ ханы Қалданмен жекпе-жекте мерт болады. Содан кейінгі жиырма сегіз жыл, яғни Әз Төүке таққа отырғанға дейін қазақ елінде хан аты ұшыраспай-

ды. Елді сұлтандар, төрелер, билер, батырлар рулық, аймактық жүйе бойынша бөліп-бөліп басқарғанын байқаймыз. Бұл онсыз да жан-жағынан жау анталаған қазақтың бытырай түсүіне, шаруашылығының күйзеліп, сайда саны, құмда ізі жоқ жағдайға дейін жеткізуге шақ қалған кезі еді. Қазақ жер бетінде қазак, ел болып қалуы үшін шілдей бытыраған олардың басын біріктіру және бір орталықтан басқару, яғни бір хан сайлау қажеттігі туды. Ол кезде хан тағына бірден-бір лайық адам Тәуке болды және ел бірлігін ойлад, оны бүкіл қазак жұртының ханы етіп сайлатуда басты тұлға үш биіміз — Төле, Қазыбек, Әйтеке болды деп бір ауыздан жазып келдік. Сөйте тұра олардың ғұмырнамасын жазуға келгенде, әрқайсымыз “сөүегейлік” жасап, әр қылы дүмбіlez пікірлерімізді ұсынамыз. Үшеуінің сонында қалған мұраларды жинап, өмірбаяндық дәйектеме жазушыларға сенсек, Тәуке таққа отырғанда, яғни 1680 жылы Төле бар болғаны он жетіде, Қазыбек бірде он бесте, бірде он үште, ал Әйтекенің дүниеге келгеніне бар болғаны бір-ақ жыл болып шықпай ма?

Жарайды, Әйтекенің жасы солай-ақ бола қойсын деп әзірге келісе тұралық. Сонда бірі 17 жастағы, бірі 13-15 жас аралығындағы, әлі түбіт мұрты да шығып үлгермене Төле мен Қазыбекке сол кездегі ел билеп, бедел жиып, сөз өткізіп қалған шынжыр балақ, шұбар төс сұлтандар, бектер, билер мен аты шулы батырлар қайтіш қана тізгінді ұстата салды екен деген сауал өзінен-өзі кесе көлденен тұра қалмай ма!

Ежелгі Солон заңымен терезесі тен деп саналған, сол кезде қазақ халқының ішкі, сыртқы саясатын анықтайтын тендересіз маңызы болған “Жеті жарғыны” жазуға Тәуке қасына неғып 13-15 жастағы бала жігіттерді отырғыза койды?

Әрине, “Он үште отау иесі”, “Болар бала боянынан”, “Өсер елдің баласы он бесінде баспын дейді” деген секілді мақал-мәтелдерді қарсы ұсынып, біздің жоғарыдағы күдікті сауалдарымызға дау айтушылар да ұшыраспай қалмас. Біз де Төле, Қазыбек секілді қайталанбас тұлғалардың тым ерте атқа мініп, ел сөзін сөйлеп, халық қамын толғап, дүйім жұртты ауыздарына телмен-деткеніне қара тырнақтай да шәк келтірмейміз. Олай ету — бұ дүниеде карабет, о дүниеде күнаһар болу деген сөз.

Айтулы құсбегілер болашақ мұзбалак қырандарды ұясында жатқан кезінен таниды. Тайыншадай арлан қасқырларды тырп еткізбей бүріп тастайтын қыран бүркіттерді жетілдіріп шығаратындар — хас құсбегілер. Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді мұзбалактарды таныған да, көгіне көтерген де — халық. Олай болса, біз олардың, халық сүйіктілерінің жасын, атын, сонында қалған өлмес мұраларын, асыл сөздерін құлдібадамдандырып кейінгі

ұрпакқа ұсына салуымыз — кешірілмес күнә. Соның ішінде егемен ел атануымыздың ғана нәтижесінде халқымызға өлшеусіз қызмет етіп кеткен бабаларымыз туралы құрастырылған алғашқы көлемді кітабымыз “Қазақтың би-шешендері” секілді дүниеге үйлай салғырт-салақ қарауға мүлдем құқымыз жоқ еді...

Төле, Қазыбек бабалар туралы алда да әлсін-әлсін ой өрімдеп, оралып отыратын болғандықтан осы бір шағын кітапшаның негізгі кейіпкері Әйтеке жайына ауысалық.

Бұдан бұрынғы жазылған еңбектерде Төле мен Қазыбектен Әйтеке үлкен, үшеуінің аттары аталғанда, сонынан айтылатыны жолының кішілігіне байланысты делініп жүрді. Бұл қекейге де қонатын. Аға балалары тұрганда, жасы үлкен болғанмен, жолын кеспейтін киелі ата дәстүрін бұзып, Әйтекені алғаш атау еш қисынға жатпасы анық. Бірақ, “Қазақтың би-шешендер” кітабында мәлімденгендей, оны Төле мен Қазыбектен он тоғыз жас кіші еді және бар болғаны отыз тоғыз жас ғұмыр кешті деп көрсету — оның тарихымыздығы қоғамдық қайраткерлік ісін де, сонында қалған мұрасын да толық бағалауға қайшы пікір. Әдейіліктен емес, аңғырттықтан, тарихи деректерге салғырттықтан кеткен мәкілік, дәйексіз деректерге сүйенушілік, сұрыптай алмаушылықтан кеткен кездейсоқ қателік деп бағалауымыз керек.

Әйтекенің қай жерде, қай жылы туып, қай кезде бұл фәниден өткенін дәл айтып бермегеннің өзінде, соңғы кезде жазылған некен-саяқ дүниелердің ішінде ұлы би хакында тарихи, саяси, әлеуметтік, философиялық терен талдау ұсынған заманымыздың көрнекті жазушыларының бірі — Ә. Кекілбаев. Ол “Егемен Қазақстан” газетіне қосымша болып шыққан кітапшада мынадай қекейге қонымды пікір ұсынады.

“... Осындай жан-жақтан дүңқ-дүңқ хабар жетіп жатқан кезде Әйтеке жайында ләм-мим сөз жоқ. Қазанның 12-сі күні Батыр сұлтан хан сайланды. Оны сайлағандардың арасында да Әйтекенің аты жоқ. Ал Мойсеев кітабында айтылатын Шөмекей Жалған, Шекті Сырлыбай, Бәби Мәңке, Ысық Қебек билерге келетін болсақ, 1748 жылы 27 қыркүйегінде Бопай үйінде Шақшак Жәнібек қатысқан Орта, Кіші жұз ру басыларының кеңесіне Барактың одактасы Батыр сұлтанды шақырып келу үшін әлгі төрт би жұмсалады. Олар барса, Батыр сұлтанның үйінде Әйтеке бидің балалары Жалтыр мен Қонысбай, Шекті Тілеміс билер бастаған иғі жақсылар отыр екен. Олар Бопай үйіндегі мәслихатқа барудан бас тартады. Жалтыр мен Қонысбайдың Әбілқайырды емес, Батырды жақтайтындығы 1731—33 жылдар-

дағы Тевкелев күнделігінен де белгілі болатын. Бірақ, сол 1723 жылдан байлайғы қазақ даласындағы аласапыран жағдай туралы Ресей елшілігіне түсіп жататын әр түрлі ақпарларда да Әйтеке аты ұшыраспайды...

... Осындай данданай кезде заманында бір арыстың ұлысбегі болған, ата-тегі сонау Шығай, Ақназар, Салқам Жәңгір, Тәуке замандарынан бері қарай қазақ саясатына белсене араласып келе жатқан, үш жүзге бірдей сөзі өтімді Әйтекенің әлгі ағымдардың ешқайсысына қосылмай, тым-тырыс жатып алуы мүмкін бе? Алты алашты аузына қаратқан әкелері отырғанда Жалтыр мен Қонысбай біллектерін сыйбанып, талас-тартыс ортасында жүрер ме еді? Жан-жакқа хабар салып, аузы дуалылардың лебізіне құлақ тосқан Барак сұлтан мен Әбілқайыр балалары Әйтекеге неғып хабар салмайды! Хабар салса, жауабы қайда? Жок, кисынға келмейді. Соған қарағанда, ол кезде Әйтекенің көзі тірі болмаса керек. Тіпті, қайда жерленгенінің өзі әлі күнге беймағұлым қалуы да соған мегзейді. Ол кезенге аман жеткен Сәмеке, Әбілмәмбет, Әбілқайыр, Батыр, Барак, Күшік, Абылай, Төле, Қазыбек, Бұқар, Қодар, Ханкелді, Сатай, табын Бөкенбай, шакшақ Жәнібек, қанжығалы Бөгенбай, сұлтан Жәнібек, тама Есет, Әжібай, Арап, Қабанбай, Малайсары, арғын Сырымбет, найман Сырымбет, Олжабай — бәрі жайында жазбаша деректер бар. Тек Әйтеке жайында дерек жок. Демек, ол әлгі айтылып отырған кезенден көп бұрын ахиреттік болған. Зираты да ол үшін сонау Сейітқұл заманынан атақоныс боп кеткен Қаратай мен Нұрата арасындағы аймакта қалған. Қалың Алшын әлгі жерден әлдеқашан табан аударып кеткендіктен Әйтеке зираты да үрпақтар жадынан ұмытылған...”

Міне, Әйтекенің туған, өлген мерзімі мен қайда жерленгенін атын атап, түсін түстеп бермесе де, көрнекті қаламгер де оның 1710 және 1723 жылғы тарихи уақығалардан бұрын ахиреттік болғанын теріске шығармайды. Шынында да, қазақтың әр белгілі адамының ауызынан шыққан жақсылы-жаманды сөзін инені жілкө тізгендей қылышп жазып отыруды мақсат еткен орыс мырзаларының XVIII ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап-ақ Әйтеке хакында бір ауыз сөз хаттамауы осы сөзімізді дәлелдей түскендей.

Сонда, тарихи алыптарымыздың бірі Әйтекенің өмір жолын, елдік шежіреміздегі алатын орнын қалай ажыратып, қалай бағалауымыз керек?.. Әлде әлгі секілді түспалдар мен қыр-шиыр аныздарды талғажау етіп қала бермекпіз бе?.. Жок. Біздіңше...

АТА-БАБА ЖӘНЕ ҮРІМ-БҰТАҚ ШЕЖІРЕСІ

Жалпы, Әйтекеге баға беру үшін және оның Айтық та, Қаражіт те еместігіне көз жеткізу үшін, сондай-ақ, сонында қалған мұрасын өзгелердің сөзімен быламықтамау үшін оның ата-баба шежіресін анық білмей болжам айту, сыпайылап айтқанда, ағаттық. Бұның Әйтекеге байланысты көптеген деректерді дөп басып анықтауға септігі тиетіні сөзсіз.

Ендеше, біз алғашқы сөзді “ақтандак” ғұламаларымыздың бірі Халел Досмұхамедұлының “Аламан” кітабынан басталық. Ондағалым сөз басын Әлім тайпасынан тарайтын Төртқара руының шежіресінен тарамдапты. Ал Әйтекенің осы Төртқара руынан екенін еске алсақ, бұл шежіре біраз сырдың бетін ашып берері сөзсіз. Сонымен, Х. Досмұхамедұлы Төртқара шежіресін былай өреді.

Әлімнен — Жаманак, Ұланак, Қарамашақ, Айнық, Тегінболат деген бес бала туады. Өзге шежірлерде бұларға Томалак дегенді қосып, алты ата Әлім деп жазады. Осы алты ағайындының ішінде Қарамашақтан — Оразгелді, Ораз, Жаншоқыр, Қараш дүниеге келеді. Қарамашақ ерте қайтыс болады да, оның жұлдындағы жұтынған төрт баласы ешкімге есесін жібермей, жетім деген ешкімнен кемсіту естімей, ерте атқа қонып, азамат қата-рына қосылады. Олардың сондай жөн-жосыққа жетік, сөзге шешен, іске ерекше мығымдылығына орай жұрт “Төртқара” атандырып кетеді. Олардың шетінен батыр, сөзге ұсталығы ақыры кейінгі үрпақтарына мактанышқа айналып, руымыз Төртқара дейтін болады. Әсіреле, Ораздың аты солардың ішінде жұрттың ауызынан түспейтін, ала-бөле мәшһүр болады. Ораз қажы (1299—1385 ж.ж.) атанған ол Меккеге үш рет барып, мұсылмандық парызын өтеп қайтқан өрі ат аяғы жетер жерді өділдігімен тәнті қылған би еді. Ол 1353 жылы үлкен бір жында он жеті жасар Әмір-Темірге бата беріп, оған “Көреген” деген қосымша лақап ат берген-ди. Кейін, Әмір-Темір бес арыс Тұран мемлекетінің тағына отырған кезде Оразды өзінің тоғыз кенесшісінің басшысы болуға шакырады. Алайда, Ораз өзінің жасы егде тартып қалғанын, онымен бірге ұзак сапарларға бірге жүре алмайтындығын айтып, бас кенесшіліктен бас тартады. Әйтсе де, Әмір-Темір одан қол үзбей, ауық-ауық ақыл-кенес алып, ұзак-ұзак бас қосулар өткізіп тұрады. Сондай бір кездесу үстінде: “Тұран мемлекетінің лайықты астанасы жоқ. Үргеніш, Жызак, Самарқаның бірін астана етсем деп едім, сіз соның қайсысын қолай көресіз?” деп кенес сұрайды.

Сонда Ораз: “Жаздың нағыз ыстық кезі ғой. Бұл сауалыныздың жауабын беру үшін осы Ургеніш, Жызак, Самарқаннан үш қой әкелдіріп, сойып, сыртқа он күн ілдіріп қойыңыз. Жауабын содан кейін берейін” дейді. Әмір-Темір оның сұрауын табанда орындалады. Айтқан күнде әлгі сойылған үш қойды келіп қара-са, Ургеніштен келген қой мұлдем сасып кетіпті. Жызактан келген қой енді-енді бүліне бастаған екен. Ал Самарқаннан алдырған қойдың еті сол күйінде сақталған болып шығады. Сонда Ораз: Ургеніш жақсы қала. Бірақ түбі төнірегі азып, маңынан күндердің күнінде ел үдерес көшпесе неғылсын... Жызак та жер жаннаты. Дегенмен, айналасына ығы-жығы ел қонғансын, ауа райы аса қолайлы бола қояр ма екен!? Іздесе таптырмас Жер-Үйік түбі — Самарқан болар-ау!” депті.

Әмір-Темір Самарқанды бес арыс Тұран мемлекетінің астانا-асы деп жариялады, сол күннен бастап, Самарқанды шынында жер бетіндегі сөүлетті қаланың бірі қылуға өмірінің соңғы күніне дейін бар құш-жігерін салғаны тарихтан белгілі. Соның нәти-жесінде “Бұқара — діннің көркі. Самарқан — жердің көркі” болып, оны сол кезде Еуропаның, Азияның саяхатшылары мен елшілері ауыздарынан сулары аға, тамсана жазысты.

Ораздың Әмір-Темірге берген бұдан басқа да ақыл-кеңестері ел ішінде көп сақталған. Алайда, біздің әңгімеміздің негізгі тақырыбы басқа болғандықтан, олардың соңшалықты сыйластығын айқын дәлелдейтін бір ғана мысалмен шектелгенді мақұл көрдік.

Ораз дүниеден озғанда Әмір-Темір басына келіп, топырақ салып қана қоймай, оның “жұз күндігіне” сонау Меккеден қара мәрмәр алдырып, құлпытасын өз қолымен орнаттырады.

Заманың озық ойлы адамы, Меккеге үш қайыра барып, мұсылманшылық жолындағы міндеттін атқарумен бірге жалпак жұртқа әділ билігімен керемет беделге ие болған, Әмір-Темір секілді айбарлы да, асқақ арман жолында құресіп өткен қаһарман қолбасшының өзіне кеңес берумен өткен Ораздан Тоқпан батыр дүниеге келеді. Кейбір шежірешілер Аппақ пен Тоқпан-ды Қараштан туды деп қателесіп жазып жүр. Тоқпан — Әмір-Темірмен жас шамасы қарайлас. Әкесі Ораздың ықпалымен өмірінің соңына дейін Әмір-Темірдің жорық жолында үзенгі қағыстырып өткен батыр. Бұдан басқа Тоқпан жөнінде дерек өзірге қолымызда жоқ. Осы Тоқпаннан Сейітқұл әулие туады. Ол — әділ билігімен, Меккеге екі қайыра барып, мұсылманшылық діңгегін халық арасында шын пейілімен насиҳаттап өткен жан. Тек ауызша насиҳаттап қоймай, бүкіл мінез-құлқымен,

істеген ісімен көпшілікті тамсандырған оны тірі кезінде бүкіл парсы, түрік, казақ, қырғыз, қарақалпақ жұрты “Синесоф буа” деп атаған. Бұл парсы тілінде “көнілі пәк жан” дегенді білдіреді. Бір жерлерде бұл сөз “Синесоф баба” деп ұшырасып отырады. Және бір анығы оны тірі кезінде баршаның өулие деп танығана. Сонымен бірге осы төніректі билеген Шығай ханның бас кенесшісі ретінде әділ қазылық жүргізгені тарих бетіндегі айқын із.

Осы Сейітқұлдың бәйбішесінен төрт ұл, екінші әйелінен үш ұл, ең кіші әйелінен бүкіл Азия жұртына аты аңыз болған Жалаңтөс баһадүр туады. Ал бәйбішеден туған Ақша кезінде Қокан ханы болған-ды. Сейітқұлдың сегіз ұлының есіп-өніп, қанат жауына орай оны “Сегіз арыс” Сейітқұл деп те атайды. Сейітқұлдың бұдан басқа қара қасқа жүйрігінің бәйгесіне келген екі “киімді” баласы да болған. Соған қарап, кейбір шежірешілер оның он баласы болған деп те жазады. Ал Ақша ханнан Бәйбек туады. Ол парсыша, арабша, түрікше оқыған. Ол Ақшаның он баласының үлкені. Кезінде “сегіз арыс Сейітқұл”, “он өрім Ақша” тұқымы деп те айтылады екен. Бәйбек сол он өрім, яғни Ақшадан өрбіген жалпақ он ауылдың биі боп өткен. Міне, осы Бәйбектен бүкіл қазақ жұртының ар-абыройындағы боп көрінетін үш биіміздің бірі Әйтеке туған.

Әйтекенің қызының қанша болғаны жөнінде нақты дерек жоқ. Бірақ кенже қызына атакты шақшақ Жәнібек үйленген деген сөз анық. Әйтекенің төрт ұлы болғаны да анық. Олар — Қосай (кейбір жерлерде Қонысбай деп те жазылады), Құрыс, Жалтыр, Өтебас. Жалтыр мен Қонысбай — женге алған әйелінен. Ол былай болған секілді. Ақшаның кіші баласы Желкілдек Әйтекеден екі-үш жас қана үлкен екен. Үйленген бойда кенеттен қайтыс болады. Сол себепті “Аға өлсе — іні мұра” деген салт бойынша Желкілдектің жас жесірін Әйтекеге қосады. Жалтыр мен Қоныс кезінде Әбілқайырдың Ресейге бодан болу жөніндегі пікіріне қарсы болғанын Әбіш Кекілбаевтың “Әйтеке би” атты мақаласынан ұшырастырамыз. Соған қарағанда, бұл екеуі ел ішінің билік жұмысына араласқанға ұқсайды. Жас шамалары да Әбілқайырмен қатарлас екені анғарылады. Қонысбайдан Көбек би, одан Беркімбай би, ал Жалтырдан Жанкүшік би — шешендер шежіресінде өз есімдерін қалдырғандар.

Әйтеке бес жасынан бастап ауыл молдасынан сауатын аңады. Оның аса зеректігін анғарған атасы Ақша жеті жасынан өз қолына алып, жоғарыда баяндағанымыздай, Самарқандағы

Ұлықбек медресесіне окуға береді. Енді ол екі атасының тәрбие-сін тел емеді. Ақшадан ел басқару, билік сөз мағынасын түсіну, әділетсіздікке қарсы құресу, ол үшін өз қарабасы адалдықтың ала жібінен аттамау жөнінде тағылым алса, Жалаңтөстен әскери ойын-тәсіл, қолбасщылық, батырлық рухын бойына сініреді. Медреседе арабша, парсыша тіл сындырып, дін, әлемтану, математика, құқық сабактарын оқиды. Бір кездегі, Әмір-Темір кезіндегі тарихшылардың, астрономдардың еңбегімен де осы кезде танысады. Бұған қоса, Ұлықбек ұлағатын жалғастыруши Жалаңтөс атасының сөulet өнеріндегі және жалпыға білім берудегі үлгісі мен тәліміне құлай бой ұрады. Көп уақытын Жалаңтөс салдырған “Шир-дор” (Арыстанды медресе), “Тіллө-қарі” (Алтынмен апталған) медреселерінің құпия сөulet сырын ұғуға жұмсайды.

Болса да Жалаңтөс жайында сөз қозғалған соң, қайтып оралмас үшін оған біршама тоқталаип өтелік. Өйткені, Әйткенің болашақ қайраткерлігіне айрықша ықпалы болған бірден-бір жан — осы Жалаңтөс.

Ол кезде Төртқара руы Сырдарияның төменгі жағында көшіп-конып жүретін. 1581 жылы осы төнірек жалпак жұтқа ұшырайды. Әйтсе де, осылай боларын күні бұрын сезген Сейітқұл Шығай ханмен бірге Нұрата тауының шүйгіндегі етегіне барып қоныс төбеді. Ол кезде Сейітқұл осы Шығай ханның ең сенімді адамы өрі бас биі болатын. Сол жылы Жалаңтөс — бес жасар бала. Қаршадайынан алғырлығы, зеректігі, қайраттылығымен жұтынып тұрған Жалаңтөске сол аймақтың ханы саналатын Дінмұхамедтің көзі түседі де өз қолына алып, “өкіл әке” ретінде тәрбиелей бастайды.

Жалаңтөс он бес-он алты жасында-ақ батырлығымен де, қолбасшылығымен де төнірегіндегілерді таң қалдырады. Алғашында шағын, кейін келе үлкен жасақтарды басқарған ол қандай жағдайда да женіске жетіп шығып отырады. Оның өз ғұмырында сол кездегі Орта Азия төнірегінде алмаған әскери лауазымы қалмаған-ды. Тіпті, сол кезде жүз жылда ілуде-біреуге берілетін Орта Азиядағы “Атальқ” лауазымына қазақ арасынан алғаш ие болған Жалаңтөс еді.

Енді оның ұзаққа созылған данқты жорық жолдарына қысқаша болса да шолу жасап өтелік. 1612 жылы Бұқара ханы Иманқұл Түркістан маңындағы қарақалпақтарға шабуыл жасайды. Әрине, ол кезде қарақалпақтардың Иманқұлға қарсы тұрарлық қауқары жоқ-ты. Жалаңтөс оларға көмекке аттанады. Иманқұл қазақтар-

дың қаракалпактарға көмекке аттанғанын естісімен соғыссыз келісім сұрап, Түркістан маңынан әскерін әкетеді және Жалаңтөстің қойған шарттарының бәрін орындауға келісім береді. Жалаңтөс оның түбі уәдеден шығатынына сенбей, Бұқараны шабуды ойлайды. Мұны сезген Иманқұл Жалаңтөс тұрганда өзінің хан болып ұзак тұра алмайтынын болжап, Самарқан мен Қоқанды және осы аймақтағы үәлияттардың билігін Жалаңтөске береді. Сөйтіп, ол “әмір” атанып, Самарқан тағына отырады. Ал ағасы Ақшаны Қоқан ханы етіп жариялатады.

Бұғінде арғы-бергі шежірелерді парактап отырсақ, өзінің үш мың жарым жылдық тарихы бар Самарқан жұрты әмірлері арасында Әмір-Темір және оның немересі Ұлықбектен кейінгі данқты әміріміз деп Жалаңтөсті мойындайтыны да қазак жұртының бір абыройы хақында мактандырылған етуіміз өбден орынды.

Жалаңтөстің шын аты Жалаң екен. Оның аты жөнінде де екі түрлі аныз бар. Бірінде ол “Айыртаулап!” жауға шапқанда түкті, айлапат кеудесін жалаңаш ашып тастап шабады екен. Сондықтан “Жалаңтөс” атаныпты десе, екіншісінде Сейітқұлдың үшінші, кіші әйелі Нұратат төңірегіндегі алпауыт, ақ ауыз арлан қасқырдың төсіне жерік болыпты деседі. Сейітқұл сол арланың ізіне түсіп жүріп, акыры атып әкеліп, төсін кіші әйелі үйтіп жеп, жерігін қандырған екен дейді. Сондықтан бала дүниеге келгенде атын “Жалаңтөс” атанырған болып шығады.

Сонымен, жоғарыда біз Сыр бойында көшіп-қонып жүрген Сейітқұл Шығай ханмен Нұратат төңірегіне ауып барған еді дедік. Әрине, ол хан сонынан ілесіп барған жалғыз үй жатак емес-ті. Сейітқұлаға ілесіп, оның төңірегіндегі қырық мың үй Алшындар да барған болатын. Олар Жызак, Нұратат, Қызбібі, Самарқан, Бұқара, Ақтау, Қызылкүм, Тамды төңірегін мекендейді. Сейітқұл сол Алшындардың және осы үәлияттардағы басқа да жүрттың бірде биі, бірде әміршісі деп танылып, билік жүргізеді. Әділ билігі мен елден ерек адамгершілігі арқасында тірі кезінде-ак әулие атанған “синесоф буада” уақыты жетіп дүниеден озады. Мәйіті Нұратадағы өзінің атымен аталған “Сейітқұл әулие” корымында. Оның орынын ешбір дау-дамайсыз, батыр, ақылды, сөзге ұста, жөн-жосыққа жетік, қолбасшылық та өнері баршаны қайран калдыра бастаған, кенже ұлы Жалаңтөс басады. Әрине, Сейітқұлдың Ақша бастаған өзге ұлдары да шетінен “сен тұр, мен атайын!” дейтіндей өншең жұлын жүтқандар еді. Алайда, олардың бірауыздан билікті Жалаңтөске ұстараты әuletтегі ауыз бірлік пен татулықтан қия баспайтындығын танытады.

Ал Жалантөс болса, кейін Иманқұл оған Самарқан және Қоқан қалалары мен сол төңіректегі уәлияттардың бар билігін берген кезде өзінің қөсемдігін көрсете білді. Ол бар билік өз қолыма тиді екен деп, жеке басшылыққа бой үрмайды. Қоқан өнірінің басшылығын ағасы Ақшаға беріп, өзі Самарқан қаласы мен сол төңіректі ғана басқарады.

Ақшаны әділ билігі үшін қоқандықтар “хан” деп танығаны жөнінде тарихи деректер бар. Кітаптың соңғы жағында бұл жайында тарихи құжаттар келтірілетін болғандықтан Ақша жайын осымен шектей тұрамыз. Арада біраз жыл өткен соң ғана Ақша өзінің үлкейгендігін, біржолата сопылық жолға түсетіндігін білдіргенде барып, Жалантөс бұл аймактардың билігін біржолата өз қолына алады.

1640 жылы қазақ және өзбек даласына жонғарлардың өте аумақты жорығы басталады. Оларға қарсы аттанған жасақты Жалантөс басқарады. Алансыз, бейбіт жатқан қазактарды опоңдай бөрікпен ұрып аламыз деп желтініп келе жатқан жонғарлар масқарасы шығып женілгені өз алдына, Батыр ханы қолға түсіп қала жаздал, зорға құтылады. Ал Батырдың кейін Жалантөс пен Салқам Жәңгірдің қолынан өлгені тарихи шындық.

Жалантөс бұдан кейін сыртқы жаулардың көптеген шабуылдарына қарсы жорықтарда қолбасшылық жасайды. Ерлігі аңызға айналып, қолбасшылығы ұшталған ол Ауған, Корасан және басқа да бірқатар шетелдерге жорыққа аттанып, қисапсыз байлық пен құл әкеліп, Самарқан қаласының құрылышын көркейтүге орасан күш жұмсайды. Егескен өзге де көптеген жауларын шауып, одан түскен байлыққа Самарқан мен Бұқара қалаларына көптеген мәдени құрылыштар салдырады.

Жалантөс — Салқам Жәңгірмен айырылmas дос болып өткен адам. 1643 жылы жонғарлар Жетісу аймағына күтпеген жерден шабуыл жасағанда, Самарқандағы Жалантөске хабар жіберіп, өзі асығыс жиналған алты жүз кісілік жасағымен елу мындық жонғар әскеріне қарсы қалай соғысқаны және артынан Жалантөстің әскери өнерге әбден төсөлген, нағыз сайыпқыран жиырма мындық қолы жетіп, жауды тас-талқан етіп женғендігі жайында бұрын-соңды орыс, қазақ зерттеушілері біршама жеткілікті жазғандықтан бұл арада оған егжей-тегжейлеп тоқталып жатуымыздың қажеті жоқ деп ойлаймыз.

Ал 1649 жылы Иранмен соғыста Жалантөс тарихта аңызға бергісіз із қалдырып, женіске жетеді. Осы соғыста Салқам Жәңгір қазақтың қырық мындық қолымен көмекке барады.


Қожамқұлұлы — бектің айтуынша, бұл бұрын-сонды осы аймакта болған соғыстардың ең үлкені еді. Бұхардың және қазақтың біріккен жұз мындық өскеріне қолбасшылық еткен Жалаңтөстің ирандықтардың екі жұз мындық өскеріне қарсы айтулы жеңісі бүкіл араб, парсы, тәжік, қырғыз, түрік елдеріне аныз боп кетеді. Оған жер-жерден керуен-керуен сыйлықтар жыл сайын ағылып келіп жатады. Сол кездегі Жалаңтөстің өз байлығын былай қойғанда, оған әр жыл сайын келіп жататын сыйлықтың мөлшері мемлекет қазынасынан анағұрлым асып түсетінін М. Е. Массон жазған еді. Тіпті, басқаны есептемегендеге, Үнді, Тибет, Қалмақ, Қашкар, Хорезм хандықтары Жалаңтөске жыл сайын керуен-керуен сыйлық жіберуді біржолата өдетке айналдырып алды деп жазады сол кездегілер.

Ал осыншама байлықты Жалаңтөс не істеді деген саяул тууы әбден заңды. Ол бұл қаржыға жоғарыда айтқанымыздан басқа, бүкіл мұсылман жұртының мактанышына айналған “Тіллә — қари”, “Шер-дор” медреселерін салдырып, ондағы оқытын шәкірттермен оларға жұмсалатын барлық шығынын өз мойнына алды. Әрі батыр, әрі би, әрі анызға айырбастағысыз қолбасшы атанған Жалаңтөс баһадүрдің ерекше құлап, көңіл бөлген ісінің бірі — сөүлет өнері. Әмір-Темірге кеңес беріп, астанасын Самарқан қылған Ораз бабасының бастамасын іс жүзінде одан әрі дамытты. Самарқан сөүлеті Жалаңтөс кезінде адам танымастай құлпырды. Көздің жауын алатын зәулім ғимараттар, медреселер, мешіттер, керуен сарайлар, хауыздар, моншалар, көпірлер салынды. Арықтар қазылып, макта, егін шаруашылығы дамыды. Бұл бағытта ол Әмір-Темірдің немересі Ұлықбектің үстанған бағытын өнеге тұтып, халықты сауаттандыру бағытында қолынан келгеннің бәрін істеп бақты. Сыртқы жаулардан қорғаныс үшін қала қорғанын қалындастып, оған кіретін алты аспалы көпірді қайта салдырыды. Әсіресе, орталық қақпа саналатын Ахани қақпасының тәнірегіндегі қорғанды аттылы кісі үстімен әрлі-берлі жүре алатындағы ғып қайта салды. Қақпа аузын “мынбұрым” ғып (лавиrint) өзгергітті. Бұл сырттан кірген жат ойлы жанын ішке кіріп-шыға алмауы үшін жасалған “қақпан” еді. Бұған қоса, өскери тәртіпке жетілген, соғыс үстіндегі түрлі әдіс-амалдарды еркін менгерген отыз мындық тұракты жасақ ұстады. Әлдекалай жау шабуыл жасай қалғанда, елден қол жинағанша бұл өскер қандай күшке де тойтарыс бере тұруға жарайтын еді. Тойтарып кана қоймай, осы күштің өзімен-ақ көп жағдайда жеңіске жететін. Сөйтіп, ол бастаған қол үнемі жеңіп шығып, баһадүрдің атак-абыройы аспандай түсетін.

Ал ол салдырған медреселер, басқа да ғимараттар сәulet тарихында өшпес шежіре қалдырыды. Ол сонау Әмір-Темір кезінде әлемге әйгілі болған Шәрәфиден Әли, Жұсіп Шәрәзи, Фахыр Әли, ибн Арабшах секілді сәuletшілердің үлгісін одан әрі жағастыра отырып, әлем тарихнамасы мен шежіренамасына мәңгілік жазылған “Шер-дор”, “Тіллә-қари” медреселерін салдырыды. Бұл медреселерді салуға аты Орта Азияға мәшіүр мұбәшір-мәмір (бас сәuletші) Абдол Дағтер бастаған, Шираз, Темрез, Исфахан қалаларынан небір шеберлер атсалысты. Бұл медреселерде сол кездің өзінде-ақ дін сабағымен қоса, араб, парсы, түрік тілдерімен бірге астрономия, жағырапия, математика, тарих пәндерінен дәріс берілген. Сондай-ақ, Шахрисабз қаласынан медресе салдырып, онда жарлы-жақыбайлардың балаларын оқытып, оған шығатын қаржының бәрін өз мойнына алған. Ал өзіне бата беріп, ұстаздық еткен Махтум-ағзам әулие қорымын айрықша қамқорлыққа алып, онда біздің дәуіріміздің бесінші ғасырынан бастап жерленген патшалардың, ұлы ғұламағалымдардың, әулие-әмбиелердің көпшілігінің құлпытасын алтын әріппен қайта жаздырып, Самарқандан жетпіс шақырым жердегі Нұратта тауынан тас алдырып қоршатады. Өкінішке орай, бұл құлпытастарды 30-40 жылдары Ленинград экспедициясы ете сирек ұшырасатын сәulet қоры ретінде алып кеткен. Қазір Өзбекстан республикасы азаматтарының қамқорлығы нәтижесінде қайтадан бұл ман коршалып, құлпытастары қойылып, ерекше қамқорлыққа алынған. Осы қорымға кіре беріс есігі алдында Жалаңтөстің және баласы Сұлтанбектің қабірі жатыр. Қазір бұл ара Қазақстаннан, Өзбекстаннан, Қарақалпақстаннан, Түркменстаннан келген оның ұрпактарының киелі орнына айналғаны көніл толқытады.


Сонымен Ұлықбек медресесінің қасынан салынған “Тіллә-қари” мен “Шер-дор” медресесі сән-салтанатын түзеп, бұл ара Регистан деп аталды. Бұл қазіргі біздің тілмен айтқанда — үкімет алаңы. Сол кезден бері, күні бүгінге дейін Өзбекстан республикасының салтанатты шерулері мен жындары осы алаңдан басталатыны да біржолата ұлттық дәстүрге айналған.

Сөз арасында айта кететін бір жай — Әйтеке би осы Ұлықбек медресесінде оқып, тәлім алды. Әйткені бүкіл әлем сәuletінен қосылған қазына болып саналған “Шер-дор” мен “Тіллә-қари” медреселерінде өзге аймақтар мен қалалардан келген шәкірттер оқитын-ды. Самарқанда бұдан да басқа жеті-сегіз медресе барды. Олардың сол кезде оку бағдарламаларының бірдей болғанын кейінгі кезде Өзбекстан мұрағатынан табылған деректер дәлелдейді.




1-сурет. Жалантөс баһадүрдің 1619—1635 жылдары салдырган
“Шер-дор” медресесі.

Әйтеке осы медреседе оқып кана коймайды, атасы Ақша ханың қасында он бес жасқа дейін, даңқты әскер қолбасы Жалантестің қасында он екі жасқа дейін, яғни аталары қайтыс болғанға дейін тәрбиелерінде болып, әр киырдан, шетелдерден келген хандар мен патшаларды, елшілерді қабылдау және жоғары дәрежелі сый-сияппаттар көрсету мен қарым-қатынастар жасаудың ресми тағлымдарынан сусындейды.



2-сурет. Жалантөс баһадүрдің 1646—1659 жылдары салдырган
“Тіллә-кари” медресесі.



3-сурет. Рыстхана аланы. Сол жактағысы — Ұлықбек медресесі, карсыдағы — “Тіллә-қарі”, он жақтағысы — “Шер-дор” медреселері.

Енді осы тараудағы негізгі әңгімемізге оралсақ, Жалаңтөстің есіміне тек қазақ жұрты ғана емес, бүкіл Орта Азия халқының құрметі айрықша болды. Оны Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын секілді эпостық жырлар қаһармандарымен қатар мадақтады.

*Ер Жалаңтөс ер деңіз,
Елдің қамын жер деңіз.
Ел шетіне жау келсе,
“Мен барайын” дер деңіз.
Жолдастарын сұрасан,
Отыраарда Арыстан,
Ерлердің ері данышпан.
Арыстанбаб атанған,
Алатаяуда Манас-ты,
Қонысы оның Талас-ты.
Жиделі-байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде,
Алпамыс ермен сырласты.
Керүглы — сұлтан Рустем,
Олармен де белдескен.
Жалаңтөске жол беріп,
“Шері қыпшақ ер” дескен, —*

деген секілді кезінде Жалаңтөске арналған жырлар көп болған. Тіпті, оған сол кезде жыр арнамаған акын кемде-кем болған секілді. Көне әдебиеттерде оның лақап, дәріптеме есімдері де жиі ұшырасады. Мысалы, “Шері Қыпшақ ер”, арабтар мен парсылар “Асад шері”, яғни “Арыстан ер” деп те дәріптеген.

Жалантөстің есімі Мәскеуден жарық көрген төрт томдық “Әлемдік сәулет тарихы” кітабында да зор құрметпен аталады. Оның есімі кейінгі үрпакқа азаттық ұранындағы боп жетті. Ол шын мәнінде Самарканың Темір мен Ұлықбектен кейінгі әйгілі әкімі деп саналды.

Жалантөс әдебиеттерде бірде 1576 жылы туып, 1656 жылы қайтыс болды делінсе, бірде 1580 жылы туып, 1660 жылы қайтыс болды деп жазылып жүр. Біздінше, тарих үшін тап осы арада төрт жылдың әрі-берісі жоқ деп есептесек, казақ халқының мұндай біртуар ұлының шежіресін, Самарканың жан баласын сүйсіндірген ең сәулетті ғимараттарын салдырған оған осы кезге дейін толыққанды бір ауыз пікір жаза алмай келе жатқанымыз орны толmas олқылығымыз екенін мойындауымыз керек. Атақты қолбасшының мәйіті Самарканнан он екі шақырым жердегі, өзі сатып алған Дағбит қыстағында, “Махтум-ағзам” деп аталағын қожалар қорымына жерленіп, өзі салдырған “Шер-дор” медресесінің мандайшасына оны сол кезде мадактап жазған мәүлден Шерғожаның өлеңі күміспен айшықталып, парсы тілінде жазылыпты. Өлеңнің казақша мазмұн-мәні мынадай:

“Әмір қолбасшы, турашыл Жалантөс, оның кемелдігін жеткізе мақтайтын қызыл тіл — інжу-маржан, ол тұрғызған медресенің биіктігі соншалық, оның ұшы кекке тірелген, акылдың қыраны қанатын қанша қатты қақса да, жылдар бойы сенің биік аспалы дарбазана жете алмас, оның мұнарасының ұшына ғасыр бойы ілмекті арқаны бар айлакер ұры да шыға алмас. Сәулетші оның аспалы дарбазаларының тізбегін жасағанда таңғалғандықтан аспан бармағын тістегендей таңданыс, қызғаныш белгісі ретінде жаңа толған айды қарпып алды, осы құрылыштың іргетасын Жалантөс баһадүр қалағандықтан, ғимараттың тұрғызылған жылы “Жалантөс” баһадүр жылы” деп аталды (Х. Досмұхамедұлы. “Аламан”, “Ана тілі”. 1991 ж. 41-б.).

Бұл медреселерде, өсірепе “Тіллә-қариде” парсы тілінде жазылған жазулар ете көп. Егер тіл мамандары зейін қоя білсе, біраз тарихи деректердің беті ашылар ма еді деген ойдамыз.

Осы арада тағы бір айтпай кетпеуге болмайтын қызықты әңгіме бар. Біз бұрын: “Жалантөстің пірі қарлығаш болған екен, қазір сол қарлығаш “Тіллә-қариде” мәңгілік мекендереп қалыпты” дегенді естіген едік. Алайда, кезінде аныз болар деп аса қөніл бөлмегендіктен кейін ұмытып та кеткенбіз. Қараша айының соңғы күндерінің бірінде осы медресеге кіре бергенімізде алдымыздан ұшып шыққан қарлығашты көргенде, әлгі “аныз” есімізге

оралып, айран-асыр қалдық. Сонда ғана: “Қаз дауысты Қазыбектің пірі — аю, Байғозы батырдың пірі — бүркіт, Жарылғап батырдың пірі — тұлқі, Кенесарының пірі — қызыл жолбарыс, Әулие Бекеттің пірі — жеті ақку” деген секілді ел аузындағы аныз әңгіме жанды көрінісімен көз алдымызға келгендей өсерде қалдық. Әйтпесе, қараашаның кара сұғында карға, көгершін, бозторғайдан басқа күс атаулының жылы жакқа қоныс аударғанына да қай уақыт. Әрі қарлығаш — өте ііссіл, сезімтал құс. Қыс түгіл, жаздың өзінде қала маңына соңғы жылдары жолай қоюы екіталай. Жергілікті адамдардың айтуына Караганда, бұл қарлығаш Жалаңтөстің “жетісін” берген күні пайда болыпты деседі. Жарайды, бұл әңгіменің де ақиқат жоралғысын окушыларымыздың өз еркіне қалдырып, негізгі арнамызға бет бұралық.

Жалаңтөс дүниеден озысымен ол салдырған ғимараттардың бәрінің мандайшаларына: “Бұл ғимаратты салдырған Алшын Жалаңтөс баһадұр” деген тас тақтайшалар ілінеді. Өкінішке орай, кейін кеңес өкіметінің нұськауы болды ма әлде басқалай себептер табылды ма — ол арасы беймағұлым жағдайда, бұл тақтайшалар алынып тасталынады.

Ал Жалаңтөстің қайтыс болғанына арада үш-төрт жыл өтер-өтпесте: “Бұл ара қожалардың, яғни аксүйектердің жатқан киелі орны, қарадан шыққан Жалаңтөстің бұл араға жерленуі дұрыс емес, қазып алынып, басқа араға жерленуі керек” деген қожалардың арасында үлкен шұлы әңгіме шығады. Алайда, бұл жерді кезінде Жалаңтөстің сатып алғандығын растайтын құжат табылып, мәйітке біржолата тыныштық беріледі.

Жалаңтөстен Құдайназар, Раңбай, Сатыбалды, Наурыз, Сұлтанбек деген бес ұл мен бірнеше қызы дүниеге келеді. Сұлтанбектің қабірі де “Махтум-ағзам” қорымында жатқанын жоғарыда айттық. Сонымен бірге тағы бір қызының осында жерленгенін нақты билетіндер бар. Бірақ орнын қазір анықтау мүмкін болмай қалған. Өйткені, кеңес үкіметі келген, сонау 30 жылдары бұл қорымға түje мен колхоз қойы қамалғанын қазір еске алудын өзі ауыр...

Жалаңтөстің осы аты аталған балаларынан небір батыр да, би де, арқа конған баксы да, кол бастаған қолбасшы да тарапты. Жалпы, Қарамашақ пен Әйтке аралығындағы алты атаниң арасынан осындаі, есімдері тарих бетінде, ел аузында қалғандарды